

Бекітемін:

«Атбасар ауданының
білім бөлімі» ММ басшысы
Н. Наймушина



Атбасар ауданының бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру мекемелерінде ағылшын тілін беретін педагогикалық қызметкерлер арасында «Үздік педагог-2019» аудандық конкурсын өткізу бойынша Ережесі.

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже (бұдан әрі -Ереже) Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің «Үздік педагог» атағын беру ережелерін бекіту туралы» № 12 2015 жылғы 16 қаңтардағы бұйрығына сәйкес аудандық «Үздік педагог - 2019» конкурсын өткізу үшін әзірленді.
2. Ереже бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру мекемелерінің, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамай, педагогикалық қызметте жоғары жетістікке жетіп жүрген педагогикалық қызметкерлері арасында «Үздік педагог - 2019» аудандық конкурсын өткізу тәртібін белгілейді.
3. Конкурсты өткізу мақсаты: педагог мамандығының мәртебесін арттыру және педагогикалық кәсіби қызметте жоғары жетістікке жетіп жүрген, шығармашылықпен жұмыс жасаушы педагогикалық қызметкерлерге сый-сияпат көрсету.

4. Осы Ережеде келесі түсініктер қолданылады:

- 1) сый-сияпат - «Үздік педагог -2019» конкурсына жеңімпаз атанған педагогқа қайтарымсыз берілетін ақша;
- 2) аудандық конкурстық комиссия - конкурс жеңімпазын анықтау үшін аудандық білім бөлімімен құрылғылатын комиссия;
- 3) Конкурсқа қатысушы - осы ережеге сәйкес Конкурсқа қатысу үшін тиісті құжаттарды ұсынған, білім беру ұйымының штаттық педагогикалық қызметкері.

2. «Үздік педагог-2019» Конкурсын өткізу тәртібі:

2.1. «Үздік педагог-2019» аудандық конкурсы сәуір айында өтеді.

2.2. Төмендегі талаптарға сәйкесетін қызметкерлер Конкурсқа қатысушы бола алады:

- 1) білім беру ұйымының штаттық педагогикалық қызметкері болу;
- 2) Конкурсқа құжат ұсынған кездегі үздіксіз педагогикалық өтілінің кем дегенде 5 жыл болуы;
3. Конкурс төрайымы Атбасар ауданының білім бөлімінің басшысы болып табылатын Комиссиямен өткізіледі.

Конкурсқа қатысушыларды іріктеу білім беру мекемелерінен түскен өтінімдерге сәйкес жүргізіледі.

4. Комиссия құрамы білім бөлімінің қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтар мен әдіскеңдерден және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады. Комиссия мүшелерінің құрамы тақ саннан тұрады. Комиссия отырысы оның үштеген екі бөлігі қатысқанда құқықты күшке ие деп есептеледі.

5. Комиссияның дербес құрамы уәкілетті органның шешімімен бекітіледі.

6. Педагогтың педагогикалық қызметтегі жетістіктері келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

1) педагогикалық қызметтің жоғары деңгейде болуы, тәрбиленушілері жетістіктерінің оң динамикасын көрсету (баланың даму индикаторлары негізінде дамуқұзыреттілігінің мониторингі, шығармашылық, спорттық жарыстардағы жетістіктері)

2) педагогтың кәсіби құзыреттілігі (біліктілік арттыру, инновациялық білімдік, соның ішінде ақпараттық –коммуникативтік технологияларды пайдалануы туралы мәліметтер, кәсіби конкурстарда қатысуы, зерттеушілік жұмыстар нәтижесі);

3) педагогтың өз педагогикалық қызметтіне өзіндік сараптама жасауы, оның ішінде өзінің педагогикалық қызметі бойынша іс-тәжірибе жалпылау және тарату туралы мәліметтер (мастер-класс әзірлемелері, семинарлар, гылыми-тәжірибелік конференцияларматериалдары, бұқаралық ақпараттық құралдар бетіндегі мақалалар, әдістемелік еңбектер, педагогтың қатысуымен берілетінақпараттар, салааралық және халықаралық қызметтестікті дамыту)

4) педагог тұлғасы мен оның кәсіби шеберлігіне берілген баға (мектеп әкімшілігі, әріптестер, оқушылар, тәрбиленушілер, ата-аналар, әлеуметтік әріптестер, гылыми, педагогикалық, шығармашылық қауымдастық өкілдерінің пікірлері, әдістемелік өнімге рецензия, алғыс хаттар, грамоталар, дипломдар);

5) педагогтың өңір, республика бойынша білім саласын дамытуға қосқан үлесі (мемлекеттік білімдік жобаларды педагогикалық тәжірибеге енгізу, қызмет бағыты бойында авторлық бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешендери, инновациялық педагогикалық идеяларды насхаттауы).

7. Конкурсқа қатысу үшін 2019 жылдың **10 сәуірінің** дейін білім бөліміне «Үздік педагог» атағын беру конкурсына қатысуға құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет Стандартына сәйкес келесі құжаттар ұсынылады:

1) өтінім (қосымша 1);

2) Мектеп директорымен расталған Конкурсқа қатысуға берілген өтінім

3) Конкурсқа қатысушының тікелей басшымен расталған кәсіби сипаттары мен жеке мінездемесі;

8. Конкурс бағдарламасы

Конкурс бағдарламасында:

- «Менің кәсіби кредом» (**7 мин.**)

- шығармашылық зертхана (конкурсант қызметтің көркемдік көрінісі, авторлық бағдарламасы, сабактардың ғылыми-әдістемелік әзірлемелері, оқу

бағдарламалары, құралдар, оқу-әдістемелік кешендер ұсынылып, көрме, мүшэйра түрінде фото- бейне – материалдарды демонстрациялау) болады. (7 мин).

- Мастер-класс (20 мин)

- Эссе

- Портфолио

9. Конкурса «Үздік педагог-2019» конкурсының женімпазын анықтау туралы шешім қарапайым түрде, комиссия құрамындағы адамдардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең түскен жағдайда Комиссия төрайымының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.